

Жазбен қоштасар Тамыз

Міне, көзді ашып-жұмғанша, жаздың соңғы айына да жетіп қалдық. Шілде мен маусым айында жаз бітпейтіндей көрінгенімен, тамыз айы да келіп жетті. Бұл ай жазбен қоштасу болса да, жаңа бастамаларға дайындық кезеңі.

Тамыз келгенде табиғаттың да өзіне тән бір өзгерісі байқалады. Күннің қызуы біртіндеп басылып, кешкі салқын сезіле бастайды. Жаз да демалдық, көңіл көтердік. Ал енді қоштасар сәтімізде жазды қимай, уақытымызды тиімді өткізуге тырысып жатырмыз.

Тамыз айының келгені әсіресе оқушылар үшін өте маңызды. Әрине, қимастық бар. Бірақ келесі айда жаңа оқу жылының басталуына өте қызу дайындық болып жатқаны сөзсіз.

Жаңа сынып, жаңа мүмкіндіктер алда екені өте қуантады.

Тамыз — өткен жазға көз жүгіртіп, алдағы күндерге жоспар құратын уақыт. Әр жаздың өз естелігі бар. Ал тамыз сол естеліктерді жинақтап, жаңа кезеңге қадам басуға мүмкіндік береді.

Жаз аяқталғанымен, жаздың әрбір жылы күндері есімізде сақталады. Осы жаз мен үшін өте ерекше өтті. Келесі жазды асыға күтемін!

Жаркент қаласы
Еңбекші орта мектебі
II сынып оқушысы
Сулейманова Тахмина